

болғанымен, біз алғашқы қауым аңшылары мен жинаушыларының ежелгі мәдениеті шектес аймақтардың мәдениеттерімен өзара тығыз әсер ету арқылы дамыды деп сеніммен айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Археологическая карта Казахстана: Реестр / Отв. ред. Е.И.Агеева, А.К.Акишев. — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. — 450 с.
2. Максимова.А.Г. Находки палеолитических орудий в северо-восточной части Центрального Казахстана // Вестн. АН КазССР. — 1953. — № 2.
3. Акишев К.А. Памятники старины Северного Казахстана // Тр. ИИАЭ АН КазССР. — Алма-Ата, 1992. — Т. 7.
4. Клапчук М.Н. Первые палеолитические находки в Центральном Казахстане // СА.—1964.— № 3.—С. 268-272.
5. Волошин В.С. Из истории изучения палеолита Сары-Арки // Казахская цивилизация.—2001.— № 1.—С. 98-114.
6. Сосновский Г.П. О поисках палеолита в Казахстане // Известия АН КазССР. — 1948. — № 46. — С. 10-11.
7. Формозов А.А. Из новейшей литературы по палеолиту Казахстана и Средней Азии // БКИЧП. — 1953. — № 19. —С. 90-92.
8. Окладников А.П. Освоение палеолитическим человеком Сибири // Материалы по четвертичному периоду СССР. — 1950. — Вып. 2. — С. 150-158.
9. Ломан В.Г. Историко-культурное наследие Сары-Арки: Сб. науч. ст. // Карагандинская обл. инспекция по охране и использованию историко-культурного наследия, Караганд. гос. ун-т. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. — 213 с.
10. Медоев А.Г. Проблемы палеолита Казахстана (начальный этап) // Проблемы изучения и охраны памятников культу-ры Казахстана. — Алма-Ата, 1980. — С. 161-162.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Сәлімбаев С.Ж., педагогика ғылымдарының магистрі
№ 104 мектеп-гимназиясы
Қарағанды қ., Қазақстан

Археология – тарих ғылымының ежелгі дәуір мен орта ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтары мен негізгі кезеңдерін зерттейтін саласы. Археология (ол гректің *archaios* – ескі, *logos* – ғылым деген сөздерінің қосылуынан шыққан) термині біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырда көне заманды зерттейтін ғылым ретінде (Платон) қолданыла бастағанымен, ғылыми археологиялық зерттеулер Еуропада қайта өркендеу дәуірінде ғана жүргізілді.

Қазақстан археология ғылымының дамуы алдымен ортағасырлық бізге жеткен жазбалар арқылы белгілі. Қазақ археологиясының қалыптасуы Ресей империясының отарлау саясатына байланысты жүргізілген. Ресей зерттеушілерінің қазақ жеріне ұйымдастырған 1733 жылғы академик Г.Ф. Миллердің бастауымен бірінші академиялық экспедициясы Қазақстандағы алғашқы археология ескерткіштері туралы мәліметтерді хабарлайды. Бұл ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты қазақ жерінің табиғи жер асты, жер үсті байлықтары, табиғаты, климаты, жан-жануарлары, өсімдік әлемі, жер қыртысы тағы өзге де ғылым салаларының мәліметтері қызықтырған болатын.

Қазақ жеріндегі археология ғылымы XIX-XX ғасыр бас кезеңіндегі орыс ғылыми қоғамдары мен мекемелерінің жұмысының жандануына байланысты өрбіді деп айта аламыз. Оның бірі 1845 жылы 6 тамызда құрылған Императорлық Орыс Географиялық қоғамы. Бұл қоғам Орыс мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық дамуы 1861 жылғы реформаға дейін Ресей империясына қарасты халықтардың жағдайы туралы жан-жақты мәлімет жинақтады [1]. Ал 1867 жылы 17 шілдеде Ресей Географиялық Қоғамының Орынбордағы бөлімі ашылды. 1868 жылғы 14 қаңтардағы бірінші мәжілісінде қоғам мүшелігіне енгісі келгендердің арызын қабылдап, тізімі жасалынып, ережесі бекітілді [2,27-п]. Ресей Географиялық Қоғамы Орынбор бөлімінің Қазақстандағы бөлімшелері: Омбы қаласында 1877 жылы 10 мамырда Орыс географиялық Қоғамы, 1897 жылы Түркістан географиялық қоғамы, Ресей Географиялық Қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің жанынан 1902 жылы Жетісу бөлімшесі ашылды.

1990 жылдар қазақстандық археология үшін ерекше маңызды болды, нарықтық экономиканың жаңа жағдайларына ғылым мен археологтардың бейімделуі жүзеге асты. Далалық зерттеулерге жеке, заңды және корпоративті қаражаттар мен халықаралық қорлардың қаржылары тартыла бастады.

1990 жылдардың өтпелі кезеңіндегі қаржылық қиындықтарға қарамастан, К.М. Байпақов жетекшілік ететін Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы, Ж.Қ. Құрманқұлов жетекшілігімен Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, К.А. Ақышев жетекшілігімен Жетісу кешенді археологиялық экспедициясы, З. Самашев жетекшілігімен Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы, М.Қ. Хабдулина жетекшілігімен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, Л.Б. Ерзакович жетекшілік ететін Қазақстан жаңа құрылыс археологиялық экспедициясы, Е.Ә. Смағұлов жетекшілігімен Түркістан археологиялық экспедициясы, А.З. Бейсенов жетекшілігімен Сарыарқа археологиялық экспедициясы, В.А. Грошев жетекшілігімен Қазақстанның археологиялық ескерткіштері Жинағы экспедициясы, А.М. Досымбаева жетекшілігімен Мерке археологиялық экспедициясы, Б.Н. Нұрмұханбетов жетекшілік ететін Алматы жаңа құрылыс археологиялық экспедициясы өз жұмыстарын жалғастырды.

1990 жылдары бұл экспедициялар Маңғыстау үстіртінде, Арал теңізінің сол жағалауында, Жетісуда, Шығыс және солтүстік Балқаш маңында, Шығыс Қазақстанда, Қызылорда, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Атырау, Жамбыл, Маңғыстау, Қарағанды және Ақмола облыстарындағы 115 археологиялық ескерткіште ауқымды барлау жұмыстарын және тұрақты археологиялық қазбалар жүргізді (3, 5-6 бб.).

Қазақстан археологиясы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде-ақ қалыптаса бастады. Қазақстан археологиясының шарықтау шегіндегі шешуші оқиға – 1991 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының құрылуы болды (ҚазКСР Министрлер кабинетінің 1991 жылы 28-тамыздағы № 496 «Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының құрылуы туралы» Жарғысы). Институттың ашылуы Қазақстанның археологиялық мектебінің нәтижесі. Бұған қазақстандық ғалымдардың ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолы – мәдениеттер диалогы жолы» (4, 5 б.) атты халықаралық жобасына қатысуы және Алматыда ЮНЕСКО-ның халықаралық семинарының өткізілуі дәлел бола алады.

Өтпелі кезең мен бұрынғы одақтық республика экономикасының күйреуіне байланысты Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар археология ғылымы қалыптасуының бастапқы кезеңіне де әсер етті. Бұрынғы ғылыми байланыстар жоғалып, бұрынғы одақтас республикалардың кітапханаларында, мұрағаттар қорларында жұмыс істеу қиындады. Дегенмен де, далалық археологиялық жұмыстарды қаржыландырудың жоқтығы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы археологиялық топтарының өзара қарым-қатынасына әсер ете алмады. Керісінше, жаңа мүмкіндіктер мен жаңа ғылыми байланыстар пайда болды.

Қазақстанға алыс және жақын шетел ғалымдары мен экспедициялары бет бұра бастады. Бұған 1990 жылдардағы Ботай мәдениетінің зерттелуі, қазақ-орыс, қазақ-американ, қазақ-француз экспедициялары жарқын мысал бола алады. Бұл мәселе бойынша профессор В.Ф. Зайберт: «Тәуелсіз Қазақстан құрылған соң, Ботай қонысына Англия, Америка, Германия ғалымдары келе алатын болды. Олардың сапарлары барысында Ботай материалдарын зерттеудің ортақ бағдарламалары қабылданды және 1994 жылы мен Британ университеттерінде Ботай жөнінде дәрістер оқыдым және Ботай мәдениеті туралы Кембридж археологиялық мұражайында көрме ұйымдастырылды, сондай-ақ, 1995 жылы Ботайда «Еуразияның ерте заманғы жылқы өсірушілері» атты халықаралық симпозиум өткізіліп, оған жақын және алыс шетелдің 16 елінен 80 ғалым қатысты» – деп жазады.

1993 жылы Қазақстандағы тасқа салынған суреттерді зерттеу бойынша қазақ-француз экспедициясы құрылып, оның құрамына Археология институты, «Қазжобалауқайтажаңғырту» институты және Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығы мамандары кірді. Экспедицияның негізгі мақсаты – Қазақстан петроглифтері Корпусына материалдар даярлау; тасқа салынған суреттерді көшіру; геохимиялық сараптамалар; петроглифтерді сақтау әдістемесін талдау. Петроглифтерді геохимиялық сараптамадан өткізу қызықты нәтижелерге қол жеткізді, ол бойынша жартастардың бетінде өмір сүретін микроорганизмдер ежелгі ауа райы туралы әртүрлі мәліметтер жинақтайтыны анықталды. Петроглифтер салынған жартастарда орналасқан бактериялар өте ұсақ органикалық қалдықтарды қатпарлайды, осы бактериялар мен обалардан табылған археологиялық жәдігерлерге салыстырмалы сараптама жүргізу суреттердің жасын анықтауға мүмкіндік береді (5, 92-93 бб.).

1997 жылы З. Самашевтың жетекшілігімен құрылып, құрамына Францияның Орталық Азиядағы археологиялық миссиясы мен Италияның Лигабуе ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері және Ресей, Италия, Швеция ғылыми ұйымдарының өкілдері енген халықаралық экспедиция жұмысы өте

нәтижелі болды. Экспедицияның негізгі мақсаты Қазақстан Алтайының ежелгі көшпелілерінің ескерткіштерін толыққанды зерттеу. Халықаралық жоба шегінде Майемер, Тарасу, Берел қорымдары зерттеліп, тасқа салынған бейнелердің жаңа ескерткіштері ашылды (6, 174-175 бб.).

К.М. Байпақов жетекшілік еткен қазақ-американ экспедициясы қоныстан урбанизацияға дейінгі эволюция үдерісін анықтауды негізгі мақсатта ұстап, Талғар аймағында сақтардан орта ғасырға шейін аралықты қамтыған кезеңде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Экспедиция жұмыстарына Қазақстан жағынан К.М. Байпақов, Т.В. Савельева, Ф.П. Григорьев, Ю. Пешков, Ә.Манапова, О.В. Кузнецова, Т.В. Трифонова, АҚШ жағынан - К. Чанг, П. Туртеллотт, К. Райн, А. Розен, М. Форштадт, Б. Руан, С. Танака секілді ғалымдар қатысты.

Халық бірлігі және ұлттық тарих жылында К.А. Ақышев жетекшілік ететін Есіл экспедициясы құрылып, өз алдына Нұра-Есіл өзендері аралығында археологиялық және палеоэтнографиялық зерттеулер жүргізуді міндет етіп қойды, негізгі мақсаты ортағасырлық қалалық мәдениет ескерткіштерін анықтау және топографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу, болашақ ауқымды қазба нысандарын анықтау болды.

Осы жылы К.А. Ақышев экспедицияның нәтижелері бойынша былай деп жазды: «Биылғы жылы біздің зерттеушілер тапқан жәдігерлер ежелгі және орта ғасыр кезеңіндегі тарихи-мәдени даму сұлбасын анықтауға және зерттеу жұмыстары келешегін бағалауға мүмкіндік береді. Ертіс-Есіл-Нұра өзендері аралығы әртүрлі тарихи дәуірлерге жататын көп санды археологиялық ескерткіштері бар далалық аумақ болып табылады» (7, 5-6 бб.).

2000 жылдан бастап Қазақстан археологтары әртүрлі ірі халықаралық жобаларға қатысып келеді. Олардың бірі халықаралық ЮНЕСКО - Қазақстан – Жапония «Отырар қаласы мен Отырар алқабы ескерткіштерін қорғау мен сақтау» (2001-2004 жж.) жобасы болды. Жобаны орындау үшін Англия, Германия, Жапония, Италия, Қазақстанның тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы халықаралық мамандар тартылды. Бұл жоба кейіннен К.М. Байпақов жетекшілік еткен «Ежелгі Отырарды жаңарту» бағдарламасымен жалғасты.

2003 жыл мәдениет дамуындағы белесті кезең жылдың басты оқиғасы Қазақстан мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың халқымызға Жолдауындағы «Мәдени мұра» бағдарламасын қабылдауында еді. Зерттеуге ұсынылған археологиялық кешендер, оның ішінде ауқымды қазба жұмыстары олардың маңызына және бұдан бұрын жүргізілген зерттеушілердің белгілі бір бөліктері есепке алына отырып таңдалып алынды: бұлар – аса маңызды әрі халықтың генетикалық жады үшін дәлел болып табылатын тарихи-мәдени эталонды ескерткіштер және «Бүкіләлемдік мәдени мұра» бағдарламасының қазіргі номинаттарының тізіміне енгізілген ескерткіштер. Мәдени мұраны зерттеу – ең алдымен, өткен тарихты, тарих пен мәдениет тарихының терең бастауларын танып-білумен байланысты. Қазақстан үшін де, басқа елдер үшін де антропогенез мәселелері – адамзаттың ерте дәуірдегі дамуын, оның материалдық және рухани мәдениеті, Еуразия мен Африканың жақын және алыс аумақтарымен өзара мәдени байланыстағы елдің алар орнын зерттеу аса маңызды болып табылады.

2011 ж. 26 қыркүйегі мен 10 қазаны аралығында Қазақстанда тұңғыш рет археологтардың Жазғы мектебі өткізілді. ТМД елдерінің тарихи-мәдени мұрасы жылына орай ТМД аясындағы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастығы Халықаралық қорының басшылығымен Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты ұйымдастырған бұл шара Түркістан археологиялық экспедициясының негізінде өтті.

Жазғы мектептің жұмысына Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Украина, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан елдерінің және көптеген Қазақстан өкілдері қатысты.

Қазақстан Республикасының археология ғылымының тарихы әрине басқа дамыған елдермен салыстыруға болмайды. Бірақ та Қазақстан археология ғылыми институты бірден қалыптаспады. Толық қалыптасуы үшін көптеген ғылыми азаматтардың және олардың қажымас қайраты арқасында бүгінгі уақытқа дейін жетті. Енді келешек ұрпақтың басты міндеті осы ғылым қайреткерлерінің еңбегі зая кетпеуі, және оны әрі қарай тереңірек зерттеу. Қазақстан археология ғылымында әлі де болса зерттелмеген проблемалар өте көп, бірақ болашақта осы проблемалар шешіледі деген сенім өте күшті.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Берг Л.С. Всесоюзные географическое общество за 100 лет 1845-1945.-М.-1946. – 263с.
2. Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты. (әрі қарай РФ ОрОММ) 94-к., тізбе – 1., іс-7.

3. Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана: Отрарский оазис. – Алма-Ата: Наука, 1990. 5-6 бб.
4. Байпаков К.М. История древнего Казахстана. А., 1994. 5 б.
5. Самашев З., Жетібаев Ж. «Қазақ петроглифтері» (көне тамыры мен сабақтастығы) – Алматы: «Иль-Тех-Кітап». 2005. 92-93 бб.
6. Самашев З. «Петроглифы Казахстана». – Алматы, 2006. 174-175 бб.
7. Акишев К.А., Хабдулина М.К. Аркаим. Памятники его типа. Архитектурно-планировочные работы параллели и функции. Россия, Челябинск, 1995. 5-6 бб.

РАСКОПКИ ПОСЕЛЕНИЯ БЕЛКАРАГАЙ В 2017 г.

Үмітқалиев Д.Б., магистрант

(Научный руководитель: магистр истории, старший преподаватель **Амиров Е.Ш.**)

Қарағандинский университет имени академика Е.А. Букетова

г. Қарағанды, Қазақстан

Объектом исследования является поселение Белкарагай, расположенное в 12 км к юго-западу от села им. Кабидоллы Тургумбаева (бывшее Шобанколь) Аулиекольского района Костанайской области. Памятник находится в урочище Белкарагай, расположенном на северо-западной периферии Тургайского плато. Местность характеризуется равнинным ландшафтом. При достаточной увлажненности поблизости нет крупных водоемов и рек. Памятник был открыт в 1990 г. В.И. Гребенюковым. Им же был собран первый сбор с поверхности. В дальнейшем памятник был исследован сотрудниками лаборатории археологических исследований Костанайского государственного университета, Тургайской археологической экспедицией под руководством А.В. Логвина с 2000-2007 гг. [1, с. 122].

В ходе осмотра памятника в 600 м к юго-востоку от раскопа 2000 года была открыта площадка, на которой фиксируется более 10 жилищных западин разной степени выраженности, не затронутых поздним антропогенным воздействием. Этот участок поселения расположен на северной террасе ныне сезонного водотока.

Жилищные западины округлой формы, глубиной около 30 см. Помимо морфологических признаков, они выделяются фитомаркерами. На современной поверхности площадки было выявлено значительное количество подъемного материала в виде изделий из камня и керамики.

Для археологического исследования была выбрана одна из жилищных западин, расположенных в северной части вновь выявленного кластера. Данный выбор был обусловлен тем, что кроме вещевого материала в таком случае появилась возможность получить сведения об архитектурной традиции жителей поселения Белкарагай. На жилищной западине и прилегающей к ней территории был заложен раскоп квадратной формы площадью 100 кв. м. Археологические исследования осуществлялись послойно-поквадратным методом. Раскоп, ориентированный по сторонам света был разделен на квадраты размерами 2*2 м с оставлением бровок. Раскоп полностью охватил жилищную западину, а также участки межжилищного и околожилищного пространства [2, с. 6].

После снятия дернового слоя, жилище обозначилось в виде темного гумусированного пятна овальной формы в центральной части раскопа с длинной осью ориентированной в широтном направлении.

На уровне -20 см с восточной стороны обозначился вход к жилищу длиной 2,6 м и шириной 1,8 м. Вокруг жилища на этом же уровне -20 см было выявлено значительное количество остеологического материала, который был отсортирован и упакован.

На уровне -30 см в периферийных квадратах раскопа, охватывавших околожилищное пространство, вместе с костями животных начали фиксироваться изделия из камня, включая наконечники стрел. В центральной части раскопа в заполнении жилищной западины были встречены фрагменты керамики.

Описание жилища №1. Жилище округлой формы, диаметром 5 м, с восточной стороны имеется вход шириной 1,6 м, длиной 2,7 м. Оно было сооружено в виде полуземлянки, с глубиной котлована до 0,6 м. На уровне -0,45 м, вокруг котлована фиксируется кольцо светлого грунта, шириной 1,5 м. Можно предположить, что это грунт выкида из котлована либо «затекший» грунт от его разрушившихся стенок. В привходовой части с обеих сторон, хорошо фиксируется мощный слой золы, в котором обнаружены фрагменты керамики, каменные наконечники стрел, а также орудия